

**Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/136-VI "Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 мамырдағы № 37/252-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 5944 болып тіркелді. Күші жойылды – Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 21/428-VII шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды – Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 16.01.2023 № 21/428-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 409 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 17634 болып тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/136-VI "Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5491 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылдың 27 ақпанында, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2018 жылдың 3 наурызында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Аягөз аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 қаңтардағы №34/229-VI " Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/136-VI шешімінің қолданылуын тоқтата тұру туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-6-193 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылдың 13 ақпанында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Аягөз аудандық  
мәслихат хатшысы*

*А. Касымжанов*

*С. Исаков*

*Аягөз аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 14 мамырдағы  
№ 37/252-VI шешімінің  
қосымшасы*

*Аягөз аудандық мәслихатының  
2018 жылғы 9 ақпандағы  
№ 19/136-VI шешімінің  
қосымшасы*

### **Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық норма, 1 есептік бірлік текше метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,50
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,60
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,08
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,75
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,29
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0005
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,30

8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,60
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,03
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,008
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,08
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	1,06
	Өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,24
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	0,30
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,18
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,18
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,17
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,14
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,18
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,95
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м <sup>2</sup>	0,26
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,26
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,30
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,26
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,61
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау		0,26

	орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,78
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	5,21
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м <sup>2</sup>	0,33
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,15
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК